Поларіс Корпорейшн Лімітед,

Адреса: Блок 1801, 18/F, Джубілі Сентр, 46 Глостер Роуд, Ванчай, Гонконг

Manufacturer: POLARIS CORPORATION LIMITED

Unit 1801, 18/F, Jubilee Centre, 46 Gloucester Road, Wanchai, Hong Kong

Зроблено в Китаї.

### **32. ГАРАНТІЙНЕ ЗОБОВ'ЯЗАННЯ**

**Виріб:** Гриль

**Модель:** PGP 1702

Ця гарантія діє протягом 12 місяців від підтвердженої дати придбання виробу та передбачає гарантійне обслуговування виробу відповідно до чинного законодавства України.

Ця гарантія діє у разі дотримання таких умов:

1. Гарантійне зобов'язання розповсюджується на усі моделі, які випускаються під торговою маркою POLARIS та придбані в уповноважених виробником продавців, у країнах, де надається гарантійне обслуговування (незалежно від місця покупки).
2. Виріб повинен використовуватися у строгій відповідності до інструкції з експлуатації та з дотриманням правил та вимог безпеки.
3. Ця гарантія не розповсюджується на дефекти, що виникли після передачі товару споживачу внаслідок:
  - Хімічного, механічного та іншого впливу, попадання сторонніх предметів, рідин, комах та продуктів їх життєдіяльності всередину виробу;
  - Неправильної експлуатації, що полягає у використанні виробу не за його прямим призначенням, а також встановлення та експлуатації виробу з порушенням правил та вимог техніки безпеки;
  - Використання приладу з метою, для якої він не призначений;
  - Нормальної експлуатації, а також природного зношування, що не впливають на функціональні властивості: механічні пошкодження зовнішньої або внутрішньої поверхні (вм'ятини, подряпини, потертості), природні зміни кольору металу, у тому числі поява райдужних та темних плям, а також корозії на металі у місцях пошкодження поверхні та непокритих ділянках металу;
  - Зношування деталей оздоблення, ламп, батарей, захисних екранів, накопичувачів сміття, ременів, щіток та інших деталей з обмеженим строком використання;
  - Ремонту виробу, здійсненого особами або фірмами, що не є авторизованими сервісними центрами\*;
  - Пошкоджень виробу при транспортуванні, некоректному його використанні, а також у зв'язку з не передбаченими конструкцією виробу модифікаціями чи самостійним ремонтом.
4. Виробник не несе гарантійні зобов'язання, якщо на виробі відсутня паспортна ідентифікаційна табличка, або дані в ній витерті або виправлені.
5. Ця гарантія діє лише для виробів, що використовуються для особистих побутових потреб, та не розповсюджується на вироби, котрі використовуються з комерційною, промисловою та професійною метою.

Увага! Виробник не несе відповідальності за можливу шкоду, прямо чи опосередковано завдану виробом POLARIS людям, домашнім тваринам, навколишньому середовищу, або збитки майну у



випадку, якщо це сталося у результаті недотримання правил або умов експлуатації та встановлення виробу, навмисних та необережних дій споживача та третіх осіб.

З усіх питань, пов'язаних з гарантійним обслуговуванням, перевіркою якості, гарантійним та постгарантійним ремонтом виробів POLARIS звертайтеся до найближчого Авторизованого сервісного центру POLARIS або до продавця – уповноваженого дилера POLARIS.

Гарантійний ремонт виробів POLARIS здійснюють лише Авторизовані сервісні центри POLARIS.

**\*Адреси авторизованих центрів на сайті Компанії: [www.polar.ru](http://www.polar.ru)**

Для підтвердження дати придбання виробу при гарантійному ремонті або пред'явлення інших передбачених законом вимог просимо Вас зберігати документи про покупку.

Такими документами можуть бути заповнений гарантійний талон POLARIS, касовий чек або квитанція продавця, інші документи, що підтверджують дату та місце покупки.

У разі ненадання документу, що підтверджує дату придбання виробу, строк гарантії вираховується з дати виготовлення виробу.

**Дата виготовлення вказана на паспортній ідентифікаційній табличці, що знаходиться на задній стінці виробу.**

**Гриль  
POLARIS  
Үлгісі PGP 1702  
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық**

POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біздің бұйымдар сапа, функционалдық және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған. Біздің фирмадан жаңа бұйым алғаныңызға риза болатыныңызға сенімдіміз.

Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде толықтай, мұқият оқып шығыңыз, осы нұсқаулықтың барлық пайдалану ережелерімен мұқият танысыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат бар, сондай-ақ, құрылғыны дұрыс пайдалану және оған күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар мен кеңестер берілген.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты кепілдік талонымен, кассалық чекпен бірге, мүмкіндігінше, картон қорапта және орама материалымен бірге сақтаңыз.

### **Мазмұны**

33. Жалпы мәлімет .....	24
34. Құрылғының пайдалану саласы .....	24
35. Құрылғының сипаттамасы .....	25
36. Құрылғыны іске қоспас бұрын жұмысқа дайындау .....	25
37. Жұмыс тәртібі .....	25
37.1. Жұмыс режимдері .....	27
38. Құрылғыны тазалау және оған күтім көрсету .....	29
38.1. Құрылғының жұмыс панельдерін шешіп алу.....	29
38.2. Құрылғының жұмыс панельдерін орнату.....	30
39. Құрылғыны тасымалдау және сақтау .....	30
40. Пайдалануға жарамсыз құрылғыны кәдеге жарату жөніндегі талаптар .....	30
41. Құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері .....	31
42. Құрылғымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік жөніндегі сақтық шаралары .....	31
43. Электр құралдармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік жөніндегі жалпы нұсқаулар .....	32
44. Ақауларды іздестіру және оларды жою тәсілдері .....	33
45. Құрылғының жиынтықтылығы .....	34
46. Құрылғының техникалық сипаттамалары .....	34
47. Сертификаттау жөніндегі ақпарат .....	34
48. Кепілдік міндеттеме .....	35

### **33. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ**

Бұл пайдалану бойынша нұсқаулығы, үлгісі PGP 1702 POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын гриль құрылғы (бұдан әрі мәтін бойынша –гриль құрылғы, құрал) жөніндегі техникалық деректерімен, сипаттамаларымен, оның құрылғысымен, сонымен қатар құрылғыны сақтау мен пайдалану бойынша ережелермен танысуға арналған.


### **34. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ**

- Бұл құрылғы тек тұрмыстық мақсатта осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес, тұрмыстық үй-жайында қалыпты болып саналатын ылғалдық пен температурада, үй тұрмыс жағдайында және соған ұқсас жағдайларда ғана пайдалануға арналған:

- дүкен қызметкерлерінің тамақтанатын орындарында, кеңселерде, фермерлік шаруашылықта және басқа да жұмыс орындарында;
- тұрақты тұрғылықты мекенжайларда, қонақ үйлерде, сондай-ақ, тұтынушылардың уақытша тоқтайтын, тамақтанатын және бос уақыттарын өткізетін қонақжай мен мейманхана сияқты және басқа да тұруға арналған жанұялық демалыс орындарында;
- түнеуге және таңғы асты ішуге арналған орындарда пайдалануға арналған.
- Бұл құрылғыны өнеркәсіптік және коммерциялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады, сондай-ақ, бұл құрылғы тамақ емес өнімдерді өңдеуге арналмаған.
- Бұл құрылғыны тұрғын бөлмеден тыс жерде қолдануға тыйым салынады.
- Өндіруші осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта қарастырылмаған немесе дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.

### 35. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Гриль – бұл түрлі тағам өнімдерін құрылғының қыздырғыш панелінде немесе екі қыздырғыш панельдерінің аралығында қуыру жолымен әзірлеп дайындауға арналған құрылғы.



1-сурет.

- |   |   |
|---|---|
| 1. Төменгі жұмыс панелі                           | 8. Жоғарғы жұмыс панелін бекітуге арналған ілмегі                     |
| 2. Жоғарғы жұмыс панелі                           | 9. Тұтқа  |
| 3. Элект желіге қосулы индикаторы                 | 10. «Шағын-пеш» режиміне арналған бекіткіш                            |
| 4. Панельдің қызуын индикаторы                    | 11. Құрылғының корпусы  |
| 5. Құрылғыны қосу/сөндіру тумблеры                | 12. Құрылғының корпусына орнатылатын май жинауға арналған контейнері  |
| 6. Температураны реттеуіш тетігі                  | 13. Құрылғының тұтқасына орнатылатын май жинауға арналған контейнері. |
| 7. Төменгі жұмыс панелін бекітуге арналған ілмегі |   |

### 36. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ИСКЕ ҚОСПАС БҰРЫН ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ

- Құрылғының қаптама қорабын ашып, құрылғыны абайлап шығарып алыңыз. Құрылғының жеткізілім жиынтықтылығына кіретін барлық бөлшектері мен керек-жарақтарын қарап тексеріп шығыңыз, оның барлық құрамдас бөлшектерінің және керек-жарақтарының бар болғанына көз жеткізіңіз, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың («Құрылғының жиынтықтылығы») 13 тарауында көрсетілген нұсқауларын қарап шығыңыз.

- Құрылғының сыртынан және оның ішінен барлық орауыш материалдарын алып тастаңыз.
- Құрылғының корпусы және оның электр желілік баусымы ақаулы еместігіне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны алғаш рет пайдаланбас бұрын, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың «Құрылғыны тазалау және оған күтім көрсету» б-тарауында берілген барлық нұсқауларын басшылыққа ала отырып, гриль құрылғыны тазалаңыз.
- Жұмысты бастамас бұрын, жұмыс панельдерінің дұрыс орнатылуын және мықтап бекітілуін тексеріңіз.

### **Назар аударыңыз!**

*Егер сіз құрылғының жұмыс панельдерің б.2.тарауындағы нұсқауларына сәйкес орнатсаңыз, бірақ олар бекітілмесе, құрылғымен пайдалануға болмайды. Құрылғының жоғарғы панелі бекілмесе, ол құрылғыдан түсіп қалуы мүмкін, жарақаттанып қалу қауіпін болдырмау үшін құрылғының ыстық қабаттарына және бекіткіштеріне қолдарыңызды тигізбеңіз, күйіп қалу қаупі бар, құрылғы толық суығанша күте тұрыңыз.*

- Құрылғыны негізі берік әрі тегіс, орнықты және құрғақ жиһаздың бетіне орналастырып қойыңыз. Алғашқы рет құрылғыны, оған өнімдерді салмай, жақсы желдетілетін бөлмеде іске қосыңыз.
- Құрылғыны электр желіге қоспас бұрын, құрылғының техникалық сипаттамаларында көрсетілген кернеудің параметрлері («Құрылғының техникалық сипаттамалары» қараңыз) Сіздің үйіңіздегі электрлік желінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Құрылғының электр желілік баусымның айыртетігін электр желіге жалғастырып қосыңыз, сол сәтте қызыл түсті электр желіге (3) қосу индикаторы жанады.
- Құрылғының жұмыс панельдерінің қыздыру температурасын реттейтін реттеуіш тетігін (6) бұрап, «3» қалпына орнатыңыз.
- 10 минут өткен соң, құрылғының тумлерін (5) бұрап «0» қалпына орнатыңыз, Құрылғының электр желілік баусымның айыртетігін электр желісінен ажыратып алыңыз да, құрылғы толық суығанша күте тұрыңыз.
- Құрылғыны осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың «Құрылғыны тазалау және оған күтім көрсету» б-шы тарауындағы нұсқауларына сәйкес тазалаңыз.

*Құрылғыны алғаш рет пайдалану барысында қыздыру элементтері жанып күйу мүмкін және бұл салдарынан аз ғана мөлшерде түтін шығуы мүмкін, мұндай әсердің болуы қалыпты жағдай болып саналады да, және құрылғының ақаулы екендігін және істен шыққандығын білдірмейді*

**Бекіткіштердің аймағында тағам өнімдермен жанаспайтын жерлерінде қыздыру панелінің жабынның болмауы (шектеулі кемшілік) рұқсат етіледі. Жабынның түсі өзгерсе, түстің өзгеруі оның ақаулы екендігін білдірмейді, бұл қалыпты құбылыс болып табылады.**

### **37. ЖҰМЫС ТӘРТІБІ**

- Құрылғыны негізі берік әрі тегіс, орнықты және құрғақ жиһаздың бетіне орналастырып қойыңыз.
- Майды жинауға арналған алынбалы контейнерінің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз (2-суретті қара.).
- Құрылғының жұмыс панельдерін өсімдік маймен майлап алыңыз.
- Құрылғының жоғарғы панелін (қақпағын) жабыңыз.
- Құрылғының электр желілік баусымның айыртетігін электр желіге жалғастырып қосыңыз. **Құрылғы міндетті түрде тек тиісті қорғаныстық түйіспесі бар розетка арқылы жерге тұйықталуы керек.**



**2-сурет.**

Құрылғыны электр желіге қоспас бұрын, құрылғының техникалық сипаттамаларында көрсетілген кернеудің параметрлері («Құрылғының техникалық сипаттамалары» қараңыз) Сіздің үйіңіздегі электрлік желісінде қолданылатын кернеуіне, яғни электрлік желінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Құрылғының электр желілік баусымның айыртетігін электр желіге жалғастырып қосыңыз, сол сәтте қызыл түсті электр желіге (3) қосу индикаторы жанады.

- Құрылғының панельдерінің қыздыру температурасын реттейтін реттеуіш тетігін (6) бұрау арқылы панельдерінің қыздыру режимін орнатыңыз. Температура белгіленген мәнге жеткен кезде жасыл түсті (4) индикаторы жанады. Реттеуіш тетігін (3) қалпына орнатыңыз, қыздырудың максималды температурасы - 240 ° С дейін.
- Құрылғының қызуы барысында оның жұмыс тақталарын ашуға болмайды, құрылғының жұмыс панельдері жабық күйінде біркелкі әрі жылдам қызады.
- Құрылғының қызуы басталған соң, шамалы 5-10 минут өткеннен кейін, құрылғының жоғарғы панелін (қақпағын) ашыңыз, оның төменгі жұмыс панелінің үстінгі қабатына тағам өнімдерін салыңыз. Құрылғыдағы жасыл индикаторы кезекті рет сөнген соң, тағам өнімді құрылғының жұмыс панеліне салуға болады, бұл ретте оның қыздырғыш элементі қосылып тұрады және өнімнің қызуы неғұрлым қарқынды болады.
- Құрылғының жоғарғы панелін (қақпағын) жабыңыз.

#### **Абай болыңыз!**

*Жұмыс барысында құрылғы қатты қызады, күйіп қалмау үшін құрылғының ыстық қабаттарына қолдарыңызды тигізбеңіз, тек құрылғының тұтқасынан ұстаңыз. Термоқорғалған тұтқыштарды не термоқорғалған асүйлік қолғаптарын қолдануға кеңес беріледі.*

- Тағам өнімдері қажетті қуыру деңгейге дейін қыздырылып пісірілген соң, құрылғының жоғарғы панелін (қақпағын) ашыңыз да, панельдегі тағам өнімдерін алып, ыдысқа салыңыз.

#### **Назар аударыңыз!**

*Құрылғыда автоматтық ажыратқыш жоқ. Құрылғыны сөндіру үшін құрылғыдағы панельдерінің қыздыру температурасын реттейтін реттеуіш тетігін бұрап, «0» қалпына орнатыңыз да, құрылғының электр желілік баусымның айыртетігін электр желісінен ажыратып алыңыз. құрылғы толығымен суығанша күте тұрыңыз. Температураны реттеуіш тетігін сол жақтағы шетке бұрап орнатыңыз.*

### **37.1. Жұмыс режимдері**

Құрылғыны 3 түрлі режимдерде пайдалануға болады: баспақ-гриль, шағын-пеш, үстел плиткасы.

#### **«Баспақ-гриль» режимі**



**3-сурет.**

Аталған режим жаңа пісірілген наннан ыстық сэндвичтерді даярлауға арналған. Панини - италиялық жабық бутербродтарды даярлау үшін мінсіз қолайлы режимі болып табылады. Сондай-ақ, құрылғыны бұл режимде ет, балық пен көкөністерді екі жақтан қуырып алу үшін пайдалануға болады.

- Құрылғының жоғарғы панелін (қақпағын) жабыңыз.
- Жұмыс панельдерінің қыздыру режимін таңдап орнатыңыз.

- Құрылғы қызғын кезде (Нұсқаудың 5-ші тармағына сай), құрылғының жоғарғы панелін (қақпағын) абайлап ашыңыз да, қақпақты тұтқасынан ұстап, тағам өнімдерін төменгі жұмыс панелінің үстінгі қабатына салыңыз.
- Құрылғыдағы тағам өнімдерін жабу керек, ол үшін құрылғының жоғарғы панелін (қақпағын) оның төменгі жұмыс қабатына түсіріңіз. Құрылғының жоғарғы панелін (қақпағын) жабқан кезде, оған шамадан тыс күш салып, басуға болмайды, әйтпесе құрылғы зақымдалуы мүмкін.

### «Шағын-пеш» режимі

Аталған режим ірімшікті еріту үшін, сондай-ақ, дайын тағамның бетіндегі тұздықты жылыту үшін жарамды, сонымен қатар, әзірлеудің соңғы кезеңдерінде езуге болмайтын өте жұмсақ өнімдерді әзірлеу үшін мінсіз қолайлы режимі болып табылады.



- Қақпақтың бекіткішін жоғары қарай тартып, ол тірелгенше оны барынша ашыңыз.
- Құрылғының жұмыс панельдерінің қыздыру температурасын орнатыңыз.
- Құрылғының жұмыс панельдері қызғаннан кейін, құрылғының жоғарғы панелін (қақпағын) тұтқасынан ұстап абайлап ашыңыз.
- Тағам өнімдерін төменгі жұмыс панелінің үстінгі қабатына салыңыз.
- Құрылғының жоғарғы панелін (қақпағын) жабыңыз, оны жабқан кезде, оған шамадан тыс күш салып, басуға болмайды.

### Назар аударыңыз!

*«Шағын-пеш» режимінде құрылғының жоғарғы жұмыс панелі болып табылатын қақпағы төменгі жұмыс панеліне қатысты алғанда саңылаумен орналасқан, сондықтан құрылғының қақпағын жабқан кезде, оған шамадан тыс күш салып, басуға болмайды, әйтпесе құрылғының қақпағы немесе қақпақтағы тұтқасы, сондай-ақ қақпақтың бекіткіші зақымдалуы мүмкін.*

### «Үстел плиткасы» режимі



Бұл режим құрылғының екі жұмыс қабатында екі түрлі тағамды жылыту не қуырып даярлау үшін мінсіз қолайлы режимі болып табылады.

- Құрылғының қақпағын жабыңыз.
- Құрылғының жұмыс панельдерінің қыздыру температурасын орнатыңыз.
- Құрылғы қызған кезде, оның жұмыс қабаттарын 180° -қа ашыңыз.
- Май жинауға арналған екінші контейнерін, құрылғының тұтқасына орнатыңыз.
- Тағам өнімдерін құрылғының жұмыс панельдерінің үстінгі қабатына салыңыз.

### 38. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ОҒАН КҮТІМ КӨРСЕТУ

- Құрылғыны тек оның элект желілік баусымның айыртетігі электрлік желісінен ажыратылған соң және ол толық суыған соң ғана залауға болады.
- Әр жолы құрылғыны әрбір пайдаланғаннан кейін тазалаңыз. Құрылғыны ағын судың астында жумаңыз немесе басқа сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды.
- Құрылғының жұмыс панельдерін құрылғыдан шешіп алыңыз (6.1 тармағын қараңыз) және жылы, сабынды суда жуып тазалаңыз, содан кейін таза суда шайып алыңыз. Құрылғының жұмыс панельдерін ыдыс-аяқ жуатын машинаға салып, жуып алуға болады.
- Құрылғының жұмыс панельдерінің беттеріне күйіп қалған оңайлықпен кетпейтін (кетіруге қиын) жабысып қалған тағам қалдықтарын ерітіп кетіру үшін, құрылғының панельдерін жылы, сабынды суға салыңыз. Тазалау барысында БАЗ беттік активті заттары бар жуғыш не тазартқыш құрылғыларды пайдаланбаңыз. Содан кейін, құрылғының панельдерінің беттерінен күйіп қалған тағам қалдықтарын кез келген жұмсақ түкті (металл емес) қылшақты қолданып кетіріңіз (құрылғының жиынтықтығына кірмейді).
- Майды жинауға арналған контейнерді құрылғыдан шығарып алыңыз, оның ішіндегі майды төгіп тастаңыз, оны жылы, сабынды суда жуып тазалаңыз, содан кейін таза суда шайып алыңыз, содан кейін құрғақ мата сулықпен әбден құрғатып сүртіңіз.
- Құрылғыны тазалау үшін абразивті заттары бар жуғыш не тазартқыш құрылғыларды және металл қылшақтарды ешқашан қолданбаңыз.
- Құрылғының жұмыс панельдерін құрылғыға орнатпас бұрын, оларды толықтай құрғату қажет.
- Құрылғының сыртқы корпусын сәл ғана дымқыл мата сулықпен немесе құрғақ шүберекпен сүртіп тазалаңыз.

#### 38.1. Құрылғының жұмыс панельдерін шешіп алу

**Құрылғының электр желілік баусымы электр желіден ажыратылғанына және оның толық суылғанына көз жеткізіңіз.**

*жарақаттанып қалу қауіпін болдырмау үшін, қызып тұрған құрылғыдағы қыздыру панельдерінің ыстық қабаттарына және бекіткіштеріне қолдарыңызды тигізбеңіз, күйіп қалу қаупі бар, құрылғы толық суығанша күте тұрыңыз.*

- Құрылғының жұмыс панельдерін 180° -қа ашыңыз.
- Құрылғының жұмыс панелін алып тастау үшін, оның екі жақты бекіткіш ілмектерін екі бас бармағыңызбен жан-жаққа босаңсытып, жұмыс панелінің алдыңғы бөлігіндегі екі бұрышын бірден сұқ саусақтарыңызбен ұстай көтеріңіз. (7-суретті қара.).
- Құрылғының жұмыс панелін алдымен жоғары содан алға қарай тартып шешіп алыңыз.




**Защелка-фиксатор – бекіткіш-ілмек**


**7-сурет.**



## 38.2. Құрылғының жұмыс панельдерін орнату



8-сурет.



9-сурет.

- Құрылғының жұмыс панельдері өзара алмасқыш.
- Құрылғының жұмыс панелін құрылғыға орнату үшін, оның артқы жағындағы шығыңқы жерлерін корпустағы ілмектеріне салыңыз да, панельді құрылғының корпусына мықтап жанастырыңыз, сол сәтте бекіткіштер сарт етіп бекітіледі.
- Құрылғының жұмыс панелі дұрыс орнатылған кезде, құрылғының панельдері өз орнына орнатылып, бекітіледі.

## 39. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САҚТАУ

- Электрлік құрылғылардың тасымалдауы нақты бір көлік түрінде әрекет ететін жүкті тасымалдау және механикаландырылған жүк тиеу-түсіру жұмыстарын қамтамасыз ететін, жүкті көлігімен тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің барлық жабық түрлерінде кез келген көлік құрылғыларымен жүзеге асырылады.
- Электр құрылғыларды тасымалдау барысында бүлінуден сақтау әрекеті қамтамасыз етілуі тиіс – бұйымның сапасы мен тұтынушы құралының сыртқы түрі сақталуы керек.
- Электрлік құрылғыларды тасымалдау барысында оларды тікелей механикалық бүлінудерден, қызудан, оған тікелей күн сәулесінің, атмосфералық жауын-шашындардың түсуінен, ылғал мен агрессивті жемірлі орталар әсер етуінен қорғау шарттары қамтамасыз етілуі керек, сондай-ақ, құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін жоғарыда аталған әсерлердің кездейсоқ тигізу мүмкіндігін болдырмауы керек.
- Электрлік құрылғылар қоршаған ауа температурасы плюс 40°C -тан аспайтын және 5°C-тан кем емес, сонымен салыстырмалы ылғалдығы 70%-дан жоғары емес, қышқылды, сондай-ақ, электрлік құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де будың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс.

## 40. ПАЙДАЛАНУҒА ЖАРАМСЫЗ ҚҰРЫЛҒЫНЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату барысында пайда болатын қатты тұрмыстық қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативті құжаттары бойынша көзделген қолданыстағы ережелер мен нормаларға сәйкес, соның ішінде «Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру мен залалсыздандыру бойынша гигиеналық талаптар» Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға 2.1.7.1322-03 сәйкес кәдеге жарату үшін міндетті түрде жиналуы тиіс.



**Назар аударыңыз!** Құрылғының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін бұл электрлік құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өндеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға өз септігіңізді тигізесіз.



Осы құрылғыны пайдалану барысында жарақаттанып қалу мүмкіндігін болдырмау мақсатында, сондай-ақ бұл құрылғының бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін, сонымен қатар өрт қаупі бар жағдайларды болдырмау үшін осы нұсқалықта берілген барлық қауіпсіздік жөніндегі талаптары мен ережелерін және де, тұрмыстық электрлік құрылғылармен пайдалану кезіндегі қауіпсіздік бойынша барлық қолданыстағы жалпы нұсқауларын және техникалық пайдалану қағидаларын, сонымен бірге бұл құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі негізгі сақтық шараларын қатаң сақтау қажет.

#### **41. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАУАР РЕТІНДЕ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Бұл құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері белгіленген емес.

#### **42. ҚҰРЫЛҒЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ**

- Бұл құрылғы осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес, тек қана үйде тұрмыстық мақсатта пайдаланылуы тиіс. Құрылғыны коммерциялық мақсатта жоғары жұмыс қарқындылығында ұзақ уақыт бойы пайдалану, құрылғының шамадан тыс жүктелуіне алып келуі мүмкін, сонымен бірге бұл құрылғыны шамадан артық ауыр жүктемеде қолданылуы, оның жұмыс істеу мерзімін азайтып, істен шығуына немесе зақымдалуына әкеледі, сондай-ақ, пайдаланушының өміріне төнетін қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін немесе оның айналасындағы адамдардың денсаулығына нұқсан келтіруіне әкеп соғуы мүмкін.
- Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған құрылғыны қадағалаусыз қалдырмаңыз.
- Жұмыс барысында құрылғының сыртқы корпусы қатты қызады, күйіп қалмау үшін құрылғының ыстық қабаттарына қолдарыңызды тигізбеңіз. Құрылғыны ашу және жабу барысында құрылғы корпусына қорғалмаған қолдарыңызды таямаңыз, тек қана құрылғының тұтқасынан ұстаңыз және де, ыстыққа төзімді термоқорғалған тұтқыштарды, сондай-ақ термоқорғалған ас үй қолғаптарын қолдануға кеңес беріледі.
- Құрылғының жұмыс панельдерінің арасындағы саңылаулардан шығатын будан абай болыңыз. Қолдарыңызды құрылғының шеттеріне жақындатпаңыз.
- Құрылғыны мұздатылған тағам өнімдерін әзірлеу үшін қолданбаңыз, мұздатылған тағам өнімдерді әзірлемес бұрын оларды мұздан еріту қажет.
- Құрылғыны майды жинауға арналған алынбалы түпқоймасыз пайдаланбаңыз.
- Егер құрылғының жұмыс панельдері құрылғыға орнатылмаған болса құрылғыны іске қосуға мүлдем болмайды. Құрылғының жұмыс панельдерінің дұрыс орнатылғандығына және олардың мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Құрылғының жұмыс панельдері дұрыс орнатылмаған болса немесе ұқыпсыз орнатылған болса, дұрыс орнатылмаудың салдарынан туындаған ақаулықтар Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Құрылғының жұмыс панельдеріне зақым келтірмеу үшін, ешқашан метал асүй бұйымдар мен үшкір металл заттарды және кез келген өткір заттарды қолданбаңыз, сондай-ақ, жұмыс панельдерінің үстінде тағам өнімдерді кеспеңіз. Күйіп қалудан қорғайтын жабыны бар ыдыстарға арналған асханалық аспаптары мен ыстыққа төзімді асүй саймандарын қолданыңыз.
- Құрылғы қызып тұрған кезде оның орнын ауыстыруға және жылжытуға тыйым салынады, құрылғы толық суығанша күте тұрыңыз.
- Құрылғыны тұтқасынан ұстап тасымалдауға болмайды. Құрылғыны дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде туындаған ақаулықтар Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Құрылғыны қандай да бір затты кептіру және жылыту үшін қолданбаңыз.
- Құрылғыны тез тұтанатын бұйымдар мен жанғыш заттардың жанында және жылу шығаратын көздерінің немесе бұйымдарының қасында, сондай-ақ, жоғары температура әсерінен құрылғының түрін немесе оның пішіні өзгертетін тұрмыстық бұйымдарының қасында, сонымен бірге жоғарғы температура салдарынан бөлменің ішкі көрінісіндегі қандай да бір заттардың түрін не олардың пішіні оңай түрде өзгертетін тұрмыстық бұйымдарының маңайында қолданбаңыз.
- Құрылғыны тек қана жақсы желдетілетін бөлмеде пайдаланыңыз.

- Тағамды әзірлеп болған соң, әр жолы құрылғының қыздыру температурасын реттейтін реттеуіш тетігін сол жақтағы шетке бұрап орнатып, құрылғының электр желілік баусымның айыртетігін желісінен ажыратыңыз.

#### **Назар аударыңыз!**

*Тағам өнімдерді әзірлеп болған соң, оларды құрылғыдан бірден шығарыңыз, егер әзірленген өнімдер іске қосылып тұрған құрылғының ішінде ұзақ уақытқа қалатын болса, олар күйіп кетуі мүмкін, ал бұл салдарынан өрттің шығуы да мүмкін.*

### **43. ЭЛЕКТР ҚҰРАЛДАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР**

- Бұл құрылғы электр энергетикасы саласындағы заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес пайдаланылуы тиіс, яғни құрылғының пайдалануы «Тұтынушылардың электрлі қондырғыларын техникалық пайдалану қағидалары» бойынша тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану тәртібін айқындайтын ережелерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Әр жолы құрылғыны іске қоспас бұрын, оны қарап шығыңыз. Бұл құрылғының және оның электр желілік баусымның қандай да бір ақаулығы анықталған жағдайда, құрылғыны электр желіге, ашалы розеткаға қосуға мүлдем болмайды.
- Құрылғы еденге не жерге құлаған жағдайда, оның көзге анық көрінетін қандай да бір ақаулығы (зақымдауы) байқалған кезде, құрылғыны қолданбаңыз. Құрылғыны пайдаланбас бұрын, оны білікті маманға көрсету қажет, оны тек қызмет көрсету орталығының қызметкері ғана тексеріп шығуы тиіс.
- Егер Сіз құрылғының жұмыс жасау мүмкіндігіне және жұмыс қабілеттілігі жөнінде күмәндансаңыз, құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Аталған құрылғыны қолдануға қатысты қауіпсіздіктері үшін жауап беретін тұлғаның нұсқаулығы жүргізілген немесе қадағалау жүзеге асырылған кездерді есепке алмағанда, дене қабілеттігі шектеулі, сенсорлық қабілеттілігі төмен, яғни сезімдік не болмаса ақыл-ой деңгейі кем, сондай-ақ, құрылғыны қолдану үшін білімі мен тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар немесе жүйке жүйесінде немесе психикалық, физикалық ауытқулары бар тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) қолдануына арналмаған. Олар бұл құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеу үшін оларды қадағалап отырыңыз.
- Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған құрылғыны ешқашан қадағалаусыз қалдырмаңыз. Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

#### **Назар аударыңыз!**

*Бұл құрылғыны ванна, ыдыс-аяқ жуатын шұңғылша немесе сумен толтырылған басқа ыдыстардың қасында пайдалануға болмайды. Құрылғы суға түсіп кеткен жағдайда, оның электр желілік баусымның айыртетігін бірден электрлік қоректену желісінен ажыратыңыз. Сонымен, бұл кезде қолды суға малуға мүлдем болмайды. Құрылғыны екінші мәрте пайдаланудың алдында оны білікті маман тексеріп шығуы керек.*

- Құрылғыны бөлмеден тысқары жерде пайдаланбаңыз. Құрылғыны сүйір бұрыштарға соғылуынан сақтаңыз. Құрылғы және оның электрлі желілік баусымы ыстық ауаның тікелей күн көзіне, жоғары температураның әсеріне, тікелей күннің жарық сәулесінің және де жауын-шашындардың түсуіне және ылғалға ұшырамайтындай етіп, яғни оның зақымдалуына әкелетін себептерін болдырмайтындай етіп, сақталуы керек (ешбір жағдайда құрылғыны суға немесе басқа сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды).
- Ылғал қолмен құрылғыны ұстауға болмайды. Құрылғы дымқылданса, оны бірден электр желіден ажыратып алу қажет.
- Бұл құрылғыны тек ауыспалы тоқ көзіне ғана қосыңыз (~). Құрылғыны электр желіге қоспас бұрын, құрылғының техникалық сипаттамаларында көрсетілген кернеудің параметрлері Сіздің үйіңіздегі электрлік желісінде қолданылатын кернеуіне, яғни электрлік желінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны тек қана жерге тұйықталған желіге ғана қосуға қажет. Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін жерлендіру бекітілген электр техникалық нормаларға сәйкес келуі тиіс. Техникалық стандартқа сай келмейтін қуат беру және электрлік қоректендіру көздері мен ұзартқыш не жалғастырғыш құрылғыны және үшжақты жалғаулық секілді ұшайыр біріктіргіш қосу құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Электр қоректендіру сымын есіктің ойығымен немесе жылу көздерінің жанында өткізбеңіз. Электр сымының бұралмауын, бүгіліп майыспауын қадағалаңыз, сондай-ақ өткір заттармен, бұрыштармен, жиназдың шетімен жанаспауын тексеріңіз.

- Ұзартқыштың не жалғастырғыштың қорғаныстық жерге тұйықтау түйіспесі жоқ болса немесе оның көзге анық көрінетін қандай да бір ақаулығы (зақымдауы) байқалған кезде, сондай-ақ егер ол 10А-дан кем тоқтың күшіне келетін болса, оны пайдаланбаңыз. Егер құрылғының элект параметрлеріне сәйкес келетін тиісті ұзартқышты не жалғастырғышты пайдалансаңыз, оған тек бір гриль құрылғыны қосуға болады.
- Қосымша қорғаныс үшін асүй техникасының электр қоректендіру тізбегіне 30 мА-дан аспайтын тоқтың номиналды іске қосылуы қарастырылған қорғаныс өшу құрылғысын (ҚӨҚ) орнатқан дұрыс. Кеңес алу үшін білікті маманға хабарласыңыз.
- **Кез келген ақау бола тұра құралды іске қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Құрылғымен пайдаланып болғаннан кейін және оны тазартпас бұрын немесе құрылғы сынып, істен шыққан жағдайда, сондай-ақ, құрылғының бөліктері мен бөлшектерін орнатпас бұрын немесе оларды бөлшектеу қажет болған жағдайда, құрылғыны әрдайым сөндіріп, оның желілік баусымның айыртетігін электр желіден ажыратыңыз.
- Құрылғыны электр желіге қоспас бұрын, оның термореттеуіш тетігі сол жақтағы шет күйінде орнатылғанына және қуатты қосып ажырататын уыстырғыш-қосқышы «0» күйінде болғанына көз жеткізіңіз.
- Электр желінің шамадан артық жұмыс істеуіне жол бермеңіз, әйтпесе оқыс жағдай орын алуы мүмкін немесе құрылғының зақымдалуына әкелуі мүмкін. Сол себепте жалғастырғыш не ұзартқыш құралдың көмегімен бұл құрылғыны өзге тұрмыстық электр құралдармен бірге бір электрлік ашалы розеткаға қоспаңыз.
- Құрылғыны оның электрмен қоректендіретін электрлі желілік баусымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, құрылғыны оның электрмен қоректендіретін электрлі желілік баусымнан ұстап тартқылап, электрлік қоректену желісінен ажыратуға тыйым салынады. Құрылғының электр желілік баусымын электрлік қоректену желісінен ажыратқан кезінде, тек қана оның электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігінен ұстаңыз.
- Құрылғының электр желілік баусымның штепсельді айыртетігін электр желіге жалғастырып қосқан кезде немесе оны электр желіден ажырату барысында, электрлік тоқ соққысынан сақтану үшін, оның электр желілік баусымдағы штепсельді айыртетігінің металл бөліктеріне қолыңызды тигізбеңіз.
- Әр жолы құрылғыны әрбір пайдаланғаннан кейін, оның электрлі қоректендіргіш баусымын құрылғыға айналдыра орауға болмайды, себебі, уақыт өте келе бұл баусымның үзілуіне әкеп соғуы мүмкін. Қашанда құрылғының электрлі қоректендіргіш баусымын дұрыс сақтау үшін оны жақсылап тарқатыңыз.
- Құрылғының желілік баусымын тек қана білікті мамандар – қызмет көрсету орталығының қызметкерлері ғана ауыстыра алады. Жөндеу жұмыстарын біліктілігі жоқ немесе біліктілігі төмен деңгейдегі маман тарапынан, сондай-ақ, жоғарыда аталған техникалық білікті мамандарының санатына жатпайтын тұлға тарапынан жасалған болса, бұл қолданушыны қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін.
- Кепілдік қызмет көрсету әрекетін сақтау мақсатында және техникалық мәселелерінің алдын алу үшін бұл электрлік құрылғыны өз бетіңізбен бөлшектеуге және жөндеуге тырыспаңыз. Жөндеу жұмыстарын тек техникалық білікті мамандары ғана, яғни қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлері ғана жүзеге асыруы керек.
- Бұл құрылғыны жөндеу үшін тек қана түпнұсқалы қосалқы бөлшектерді пайдалануға қажет.

### **Назар аударыңыз!**

Кез келген түрдегі ақау орын алса, авторландырылған қызмет орталығына хабарласыңыз.

## **44. АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕСТІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ**

<b>Ақау</b>	<b>Мүмкін себебі</b>	<b>Ақауды жою тәсілі</b>
Жұмыс панельдерінің қызуы жоқ	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Электр қоректендіруде бір мәселе туындаған.</li> <li>2. Электр сұлбасы ақаулы</li> <li>3. Қыздырғыш элементі ақаулы</li> </ol>	<p>Құрылғы желіге дұрыс қосылған ба, тексеріңіз.</p> <p>Авторизацияланған (өкілетті) қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.</p>

Жұмыс индекаторлары істемейді	4. Электр қоректендіруде бір мәселе туындаған. 5. Электр сұлбасы ақаулы	Құрылғы желіге дұрыс қосылған ба, тексеріңіз. Авторизацияланған (өкілетті) қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
-------------------------------	--	---

**Назар аударыңыз!** Жоғарыда сипатталған қадамдарды қолдана отырып, мәселені өз бетіңізше шеше алмасаңыз, POLARIS уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

#### 45. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ

Құрылғы	1 дана.
Жұмыс панельдері (құрылғыға орнатылған)	2 дана.
Май жинауға арналған түпқоймасы	2 дана.
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	1 дана.
Кепілдік талоны	1 дана.
Құрылғының орамасы (полиэтилен пакеті + қорабы)	1 дана.

#### 46. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

**PGP 1702-** POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын тұрмыстық электрлік гриль құрылғы

Кернеуі: 220 – 240 В

Жиілігі: 50-60 Гц

Қуаттылығы: 2000 Вт

Қорғаныс жіктелімі - I

**Ескертпе:** Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашылық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады. Нұсқалықтың ең соңғы нұсқамасын [www.polar.ru](http://www.polar.ru) компанияның сайтында көре аласыз.

#### 47. СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

БҰЛ ӨНІМ Кеден Одағының «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), сондай-ақ, «Техникалық құралдардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін растау рәсімдерінен өтті және осы техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды, сонымен бірге Кеден Одағына мүше мемлекеттердің нарығындағы өнім айналымының бірыңғай белгісі ЕурАзЭҚ техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес таңбаланған.

Сәйкестік Сертификатының тіркеу нөмірі/ сәйкестік туралы декларациясы жөнінде, сонымен бірге сертификаттың және декларациясының қолданылу мерзімі туралы мәліметтерді POLARIS бұйымды сатып алған жерде, яғни Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңыздан немесе Өндірушінің Уәкілетті өкілінен алуыңызға болады



**Бұйымның есептік жарамдылық мерзімі:** 3 жыл

**Кепілдік мерзімі:** 1 жыл сатып алған күннен бастап санағанда.

**Құрылғының өнделіп шығарылған күні мен жылы жөніндегі ақпарат құрылғының сыртында көрсетілген.**

**Өндіруші:****POLARIS CORPORATION LIMITED - ПОЛАРИС КОРПОРЕЙШН ЛИМИТЕД**

1801 Блогі, 18/F, Джубили Сентр, 46 Глостер Роуд, Ванчай, Гонконг

Unit 1801, 18/F, Jubilee Centre, 46 Gloucester Road, Wanchai, Hong Kong

**Ресей Федерация мен Кеден Одағына мүше мемлекеттерде өндірушінің импорттаушысы және уәкілетті өкілі:**

"Поларис Инт" ЖШҚ, 105005, Мәскеу қаласы, 2-ші Бауманская көшесі., 7-үй, 5-ші тұрғын үй құрылысы, 26-ші бөлме.

Бірыңғай анықтамалық қызметінің телефон нөмірі: 8-800-700-11-78

Қытайда өндірілген

**48. КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕ****Бұйым: Гриль****Үлгісі: PGP 1702**

Бұл кепілдік бұйымды сатып алу фактісін растайтын күннен бастап 12 ай бойына әрекетте болады және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ Заңына сәйкес бұйымның кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдік міндеттемесі «POLARIS» сауда таңбасымен шығарылатын және уәкілетті сатушылардан сатып алған барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан) таралады.
2. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды қатаң сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.
3. Бұл кепілдік тауарды тұтынушыға беруден кейін, келесі жәйттердің нәтижесінде туындаған кемшіліктерге таралмайды, егер де:
  - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер, бөгде заттардың, сұйықтықтың, өнімдердің және құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді жәндіктердің бұйымның ішіне түсіп кетуі және олардың өмірлік белсенділігінің өнімдері бұйымның ішінде болса, яғни микроорганизмдердің, жәндіктердің тіршілік әрекеті салдарынан нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
  - Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес пайдаланғанда, оны дұрыс пайдаланбағанда, сондай-ақ, бұйымды осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықта берілген техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;
  - Бұйымды қолдануға арналмаған мақсаттарда пайдаланған жағдайда;
  - Құрылғыны қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ, құрылғының функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылғының метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылғының жабыны бүлінген жерлеінде тоттанудың салдарынан металлдың бұзылуы, яғни металдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;
  - Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, қоқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар, қорғаныс экрандары тозған жағдайда, сондай-ақ басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;
  - Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын\*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуін жүргізген жағдайда;

- Тасымалдау кезінде бұйымға қандай да зақым келтірілген болса, оны дұрыс емес пайдалану салдарынан туындаған ақау үшін, сондай-ақ бұйымның құрылымында қарастырылмаған модификациялау (яғни құрылғының түрін өзгерту, түрлендіру) әрекетіне байланысты, немесе өздігінен жөндеу жұмысын жүргізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
4. Өндіруші төмендегі жағдайларда кепілді міндеттемелерді көтермейді, егер бұйымның бетінде техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе оның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында берілген техникалық деректері жойылған, жойылып кетірген немесе түзетілген болса өндірушінің осы салдардың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.
  5. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды.

Назар аударыңыз!! Өндіруші тұтынушының (сатып алушының) немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе ұқыпсыз әрекеттерінің және бұйымды орнату/пайдалану шарттары мен ережелерін сақтамау салдарынан адамдарға, үй жануарларға, қоршаған ортаға немесе мүлікке POLARIS бұйымның зақымдалуынан тікелей немесе жанама себеп болатын кез келген ықтимал зиян келтірілгені үшін жауапкершілік көтермейді.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапасын тексеру, кепілдік және кепілдіктен кейінгі жөндеу жұмыстарына қатысты барлық мәселелері бойынша Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталығына немесе Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға - Уәкілетті POLARIS дилеріне хабарласыңыз.

POLARIS бұйымдарына кепілдік жөндеу жұмыстарын тек Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталықтары жүзеге асырады.

**\* Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтардың мекен-жайлары Компания сайтында көре аласыз: [www.polar.ru](http://www.polar.ru)**

Бұйымға кепілдік жөндеу жұмыстарын жүргізу немесе заңмен қарастырылған басқа да талаптарды орындау кезінде бұйымды сатып алу күнін растау үшін сатып алу құжаттарыңызды сақтауыңызға өтіне сұраймыз.

Мұндай құжаттары толтырылған POLARIS кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, бұйымды сатып алу күні мен орнын растайтын басқа да құжаттар болуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжатты ұсынбаған кезде, кепілдік мерзімі бұйым өндіріліп шығарылған күннен бастап есептеледі.

**Бұйымның өнделіп шығарылған күні бұйымның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген, ол бұйымның артқы қабырғасында орналасқан.**